Рост объема госинформзаказа на 1 тыс. тенге, увеличит индекс информированности населения на 1,82%.

По результатам регрессионного анализа можно сделать следующие выводы:

- построенная модель множественной регрессии удовлетворяет всем критериям качества. Уровень значимости регрессоров меньше 0,05 (Р-Значение), что означает значимость и надежность коэффициентов регрессии, входящих в модель. Множественный коэффициент корреляции равен 0,94 говорит о том, что на 94% модель объясняется входящими в нее факторами;

- в повышении уровня информированности населения и как следствие внутривнутриполитической стабильности в стране играют практически все включенные в модель факторы, но наиболее значимыми являются безработица и госинформзаказ.

Таким образом, государственное регулирование информационных процессов в Казахстане должно иметь приоритетное значение, так как информация становится важным ресурсом, обеспечивающим устойчивость и укрепление демократических институтов.

Литература:

1. <https://www.stat.gov.kz/>
2. Atabayeva A.K., Pritvorova T.P., Simonov S.G. Assessment of non-standard employment as a factor of average per capita income // Вестник Карагандинского университета. - Серия экономика. - 2021. – №1(101). – С. 26-35.

Zahraníční ekonomické aktivity

* 297208*

Залесский Борис Леонидович

Белорусский государственный университет

ПАРТНЕРСКИЕ СВЯЗИ – НА КАЧЕСТВЕННО НОВЫЙ УРОВЕНЬ

Пакистан является одним из важнейших партнеров Беларуси в Азии, который укладывается в белорусскую стратегию диверсификации экспорта, развития взаимодействия стран дальней дуги. Пакистан – это дружественная страна, которая обладает хорошим промышленным потенциалом, рынком сбыта. Население этой страны – больше 200 миллионов человек. В Пакистане развито сельское хозяйство, что позволяет организовать взаимодействие в вопросах поставки продукции машиностроения и переработки. Что касается белорусско-пакистанских торгово-экономических отношений, то «в течение последних лет объем торговли между Республикой Беларусь и Исламской Республикой Пакистан колеблется в пределах от 50 до 65 миллионов долларов» [1]. Но уже в 2021 году товарооборот между ними увеличился сразу более чем на 77 процентов и превысил 92 миллиона долларов с положительным сальдо для белорусской стороны в размере 63,6 миллионов долларов. Основу белорусского экспорта составляют «тракторы и запчасти к ним, калийные удобрения, специфические товары, синтетические нити, целлюлоза, молочная продукция, лекарства, дизельные моторы» [2].

В ближайшие годы Минск и Исламабад намерены приложить необходимые усилия, чтобы вывести партнерские связи на качественно новый уровень. Что касается белорусской стороны, то она собирается продвигать свои товары и услуги на пакистанском рынке двумя путями. Первый – это наращивание объемов торговли традиционными товарами – автомобильной, карьерной и строительной техники, продукции приборостроения, деревообработки, мясо-молочной, химической, фармацевтической и

целлюлозно-бумажной отраслей. Второй путь – поставки новых товарных позиций – металлопродукции, льноволокна и пряжи, а также «в том числе потребительских, таких как мягкие сыры, парфюмерно-косметическая продукция, бытовая техника, детские товары и часы» [3].

В январе 2023 года в Минске состоялось шестое заседание совместной белорусско-пакистанской комиссии по торгово-экономическому сотрудничеству, на котором стороны предложили активизировать двустороннее взаимодействие как в части наращивания товарооборота, так и в области инвестиционного сотрудничества, так как «у двух стран есть хорошие перспективы для перехода от простой торговли к промышленной кооперации, созданию совместных производств в сферах, представляющих взаимный интерес» [4]. В частности, две страны достигли договоренности о расширении взаимодействия по целому ряду направлений – машиностроению, сельскому хозяйству, науке, образованию, здравоохранению. Так, Беларусь заинтересована наращивать в эту страну Южной Азии поставки промышленной продукции – белорусской пассажирской, коммунальной, сельскохозяйственной, карьерной техники, продукции текстильной промышленности. «В числе приоритетов – партнерство в области сельского хозяйства. И это не только готовность расширять поставки белорусских продовольственных товаров, но и продукции для животноводства: комбикормов, белковых добавок, ветпрепаратов. Более активному продвижению продукции агропромышленного комплекса будет содействовать создание в Пакистане постоянного выставочного центра Беларуси...» [5]. Еще одно взаимовыгодное направление – фармацевтика, так как Беларусь заинтересована в экспорте в Пакистан лекарственных препаратов и уже готова рассмотреть возможности создания совместных фармацевтических производств.

На 6-м заседании совместной комиссии стороны конкретно также обсудили возможности сотрудничества в области науки и высоких технологий. Это – нано- и биотехнологии, лазерная оптоэлектроника, информационно-

коммуникационные технологии, аэрокосмические и геоинформационные системы. В этой связи в марте 2023 года в пакистанском городе Карачи будет организована национальная экспозиция Беларуси на международной промышленной выставке International Trade and Industry Fair. Напомним, что на аналогичной выставке в ноябре 2021 года в Карачи на коллективном стенде Государственного комитета по науке и технологиям «было представлено около 60 научно-технических и инновационных разработок. Свои экспонаты в области обработки и модификации поверхностей, химических технологий и материалов, физического материаловедения и новых материалов показали учреждения Министерства образования, а также в заочном формате организации Национальной академии наук Беларуси» [6, с. 24]. Так что, судя по всему, диалог между сторонами в ближайшем времени будет продолжен.

Наконец, еще одним перспективным направлением белорусско-пакистанских партнерских связей постепенно становится региональное сотрудничество. Дело в том, что ряд соглашений и меморандумов между городами, провинциями и областями двух стран уже подписан. Например, из белорусских регионов большой потенциал для сотрудничества с Пакистаном имеется у Гродненской области. «Провинция Синд и город Карачи, который является индустриальным центром Пакистана, – очень важные стратегические партнеры. Между городом Карачи и Гродненской областью в 2015 году было подписано соглашение о сотрудничестве» [7]. И стороны сегодня уже готовы, чтобы обновить работу соглашения и возобновить отношения во всех отраслях: экономике, бизнесе, культуре, образовании. Так, например, детское питание, производимое "Беллактом", уже хорошо зарекомендовало себя в Пакистане, и эти поставки можно увеличивать. А за время существования Гродненского медицинского университета здесь уже 122 пакистанских студентов получили образование. Так что стороны будут активно продолжать свою работу для развития точек соприкосновения. Ведь это – только начало.

Литература

1. Торгово-экономические отношения между Республикой Беларусь и Исламской Республикой Пакистан [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: https://pakistan.mfa.gov.by/ru/trade_and_economic_bilateral_relations/
2. Посол Пакистана: сельское хозяйство и промышленность – наши ключевые точки интереса в Беларуси [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.belta.by/economics/view/posol-pakistanas-selskoe-hozjajstvo-i-promyshlennost-nashi-kljuchevye-tochki-interesa-v-belarusi-494952-2022/>
3. Национальный центр маркетинга об особенностях продвижения белорусских товаров на рынок Пакистана [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.belta.by/comments/view/natsionalnyj-tsentr-marketinga-ob-osobennostjah-prodvizhenija-belorusskih-tovarov-na-rynok-pakistanas-8188/>
4. Беларусь заинтересована в поставках в Пакистан продукции АПК и сельхозтехники [Электронный ресурс]. – 2023. – URL: <https://www.belta.by/economics/view/belarus-zainteresovana-v-postavkah-v-pakistan-produktsii-apk-i-selhoztehniki-544338-2023>
5. Беларусь и Пакистан договорились о расширении сотрудничества [Электронный ресурс]. – 2023. – URL: <https://www.belta.by/economics/view/belarus-i-pakistan-dogovorilis-o-rasshirenii-sotrudnichestva-544373-2023>
6. Залесский, Б.Л. Для продвижения отечественных технологий / Б.Л. Залесский // *Materialy XX Miedzynarodowej naukowii-praktycznej konferencji “Kluczowe aspekty naukowej dzialalnosci – 2023”*, Volume 1. Przemysl: Nauka i studia. – С. 24-27.
7. Посол: Гродненская область имеет огромный потенциал для сотрудничества с Пакистаном [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.belta.by/regions/view/posol-grodnenskaja-oblast-imeet-ogromnyj-potentsial-dlja-sotrudnichestva-s-pakistanom-515738-2022>

Marketing a management

* 297360*

Магістрант Шилова А.П., кандидат наук, доцент Мішустіна Т.С.
Університет імені Альфреда Нобеля

WAYS OF NICHER'S MARKETING STRATEGY REALIZATION FOR A COMPANY'S DEPARTMENT RUNNING ON THE MARKET OF SPECIALIZED INFORMATION SERVICES

Nicher is a company or an enterprise whose activity suggests providing a product for quite a narrow market segment as well as satisfying specific customers' needs. The strategy required for the nicher is usually devised with an idea of creating the product with the features that are not typical for mass market goods producers.

The thesis is based on the instance of 'Coal' department in 'Metal-Courier' Ltd. The company operates on the market of specialized information services providing periodicals of energy and metal industry news, where commercial and industrial events are depicted. [2] The main company's activity type is the current market situation research being published in approximately 30 different publication forms.

The author has conducted the study concerning the marketing strategy of the 'Coal' department and its main components to identify the ways of enhancing its marketing performances. One of the crucial points to highlight at the very start is clarification of the department's redundancy for rooting its market position while solving its portfolio issues.

As it was identified during the research, the production cycle of information product in the department is completely independent and separated from the other company's divisions. Thus, the following marketing strategy might only inherit generalized traits of the 'Metal-Courier' Ltd.

It has become clear that after the terrifying events of February 24, 2022, the company as well as the analyzed department, have abandoned their key audience in Russia, trying to win trust in European and American market players. As a nicher, 'Coal' is eager to remain unique with its information services on the basis that requires

maintaining relations with the other part of its customers. [3] At the current moment, it is highly advisable to resort to concentration on above-mentioned markets since they are greatly supported by the nowadays global political situation. Meanwhile, the suggested focus should intersect with the demand for fulfilling the needs of the chosen niche.

One of the ways of realizing such strategy is holding a conference for coal industry and market participants as it allows not only to facilitate recognition process, but also to conduct a deeper coal market study based on the knowledge of industry leaders' expertise. Giving a brighter instance, the conference might take place offline in one of the European countries such as Poland (which, as it happened to coincide, grants a great amount of support to Ukraine). The event's message is supposed to clearly correspond the country's policy towards coal that assumes the complete coal independence by 2050.

On the other hand, market nicher 'Coal' is capable of relying on customers' loyalty as a key source for ensuring high rates of market growth due to the increased consumer involvement. Attracting attention from a wide, but yet not devoted, audience of logistic and energy companies should become a significant benefit in establishing market positions. By performing this, the product's ability to satisfy certain unique needs is highly likely to result in expanding the clientele in mentioned field of activity.

Moreover, the changes are to be made in the functional part of division's strategy. Since the war has entered Ukraine and ruined all the long-time established relations with Russian market participants, the 'Coal's' portfolio has halved. Therefore, there are two points that the portfolio is regarded to undergo. At first, renaming the remaining periodicals due to audience geographical focus switch plays a paramount role in making 'Coal's' brand more internationally recognizable than it is today. This also suggests issuing products in the English language only. The second portfolio issue lies into developing and implementing an absolutely new periodical which will be meant to cover events in the Ukrainian coal industry and energy sector. By publishing

such kind of information has a likelihood of being attractive to a worldwide coal market audience.

Moving to the fundamental functional strategy element, the promotion of divisions products to the above-mentioned new target audience should also have its peculiarities, as the previously utilized methods (e.g. personal phone calls and relying on website conversion) have not been proved effective enough. Due regard must be paid to a professional social network such as LinkedIn which runs to provide best networking experience. Today's department social activity level leaves more to be desired as there are several short descriptions are posted weekly. Increasing this kind of promotional involvement to a few shortly described news on a daily basis might bring the sense on a higher audience involvement. An additional option is to turn to implementing an advertising campaign on LinkedIn. [1] The advantages vary from soared rates of possible audience in size of 300,000 people to highly customized settings options. Though, one of the drastic downsides is the cost that might not be fractioned.

According to the research conducted by the author, the approximate expenses for events execution, including hiring few more employees and hosting a conference, add up to 6.8% of total 'Coal' department revenues.

Proceeding to forecasts, based on the generated marketing strategy, it is expected to foresee 50 to 60 annual increase in clientele, corresponding to up to 10% of 2021 total customer base volume. The largest attention-getter, as claimed before, has to be Ukrainian coal and energy industry periodical that is also likely to appeal to some of the lost customers, thus, enlarging the number of engaged market players. Hosting the thematic conference in Poland assumes to give an intangible advantage in form of recognition within the European targeted segment. And the last important highlight is the advertising campaign on LinkedIn. This one is envisioned to sort 5 to 7 potential customers out of the possible set audience size monthly, which in turn brings 'Coal' up to \$900,000 of an estimated profit a year compared to \$48,000 of annual advertisement costs.

In conclusion, it is worth mentioning that ‘Coal’ department in ‘Metal-Courier’ Ltd could largely benefit from described marketing strategy realization ways. However, the strategy might and should be adjusted as the course of modern events are becoming more unpredictable in the global environment.

References:

1. How to create your first campaign with linkedin's campaign manager. LinkedIn. URL: <https://business.linkedin.com/marketing-solutions/success/best-practices/create-your-first-campaign>.
2. Веб-сторінка «Метал Кур’єр» URL: <https://metalexpert.com/ru/index.html>
3. Гудзь О.І. Методичний підхід до обґрунтування стратегії розвитку підприємства / О.І. Гудзь, О.Б. Мусійовська // Економіка та управління підприємствами. – 2018. – Вип. 18. – С. 346-352

PEDAGOGICKÉ VĚDY

Problémy tréninku

* 297188*

Жаксыбаева А.М., Абилпейсова М.Б.

Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі – білікті мамандар даярлаудың түп қазығы екендігі барлығымызға айқын. Сол себепті, заманауи техникалық және кәсіптік білім ордалары еңбек жағдайының жедел өзгеруіне бейімделуге қабілетті, өндіріс процесіндегі заманауи өзгерістер мен жаңа техниканы меңгеруге қабілеті жоғары мамандар даярлауға бағыт алуы тиіс. Техникалық жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытудың басты мақсаты техникалық мамандықтары студенттерін шетел тілін күнделікті қарым-қатынас жағдайында немесе белгілі бір мамандық саласында ойларын құрастырып, қалыптастыру құралы ретінде жетік меңгеруді қамтамасыз ету, яғни студенттерге шетел тілін болашақ кәсіптік іс-әрекеттерінде практикалық тұрғыда қолдана алатындай деңгейде жетік меңгерту саналады.

Бұл мақсатқа жетудің бір жолы ретінде шетел тілін оқытуда болашақ мамандардың кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға мұрындық болатын шетел тілінде оқылым және кәсіби сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды теориялық тұрғыда қарастыру қажеттілігі туындап отыр.

Бүгінгі таңда, болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігі олардың кәсіби саладағы жоғары біліктілігімен ғана емес, шетел тілінде жүзеге асатын қарым-қатынас жағдайында кәсіби мәселелерді шешуге дайындығымен анықталады. Осыған байланысты, жоғары кәсіптік білім берудің Мемлекеттік стандарты шетел тілін оқыту барысында кәсіби ерекшеліктерді есепке алуды талап етеді

және түлектердің болашақ кәсіби іс-әрекеттеріндегі міндеттерді жүзеге асыруды көздейді [1].

Мамандарды дайындау сапасы – құзыреттілік, өз бетімен жұмыс жасай білу, альтернативті таңдау жағдайында өздігінен шешімдер қабылдай алуға дайындығы, жылдам өзгеріп отыратын өндірістік жағдайларға тез бейімделе алуы, үздіксіз білім алуға және бәсекелес ортада кәсіптік өсуге деген ынта-жігерінің болуы және халықаралық деңгейде кәсіптік серіктестерімен әртүрлі бағдарламаларға қатысу сияқты көрсеткіштері арқылы бағаланады.

Осылайша, білім беру процесіне, оның ішінде шетел тілінде берілетін білім беру процесіне жаңаша көзқараспен қарау қажеттілігі туындап отыр. Шетел тілін меңгеру қазіргі заман мамандарының кәсіптік жетістіктеріне жету негізі екендігін сезіну техникалық жоғары оқу орындарында тілідік білім берудің маңызын арттырады. Шетел тілі кәсіптік, өндірістік өмірдің әмбебап құралына айналған, демек, техникалық жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту барысында студенттердің кәсіптік құзыреттілігін дамыту және қалыптастыру мәселесі өзекті саналады. Маманның кәсіптік құзыреттілігінің жоғары деңгейі оның жоғары оқу орнында білім алу барысында кәсіптік біліктіліктерді меңгеруімен пайда болады.

Қазіргі таңда, жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде шетел тілі болашақ мамандардың кәсіптік және жалпы мәдениетінің ең маңызды элементі және сөйлеу құралы ретінде өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Шетел тілінде қарым-қатынас жасау мамандардың болашақ кәсіптік қызметтерінің маңызды компоненті болып саналғандықтан, техникалық жоғары оқу орындарындағы «Шетел тілі» пәнінің рөлі әлдеқайда арта түсті. Сол себепті, техникалық жоғары оқу орындарында шетел тілін кәсіптік бағытта оқыту өзекті болып саналады.

Техникалық жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту ролінің маңыздылығының артуына халықаралық қарым-қатынастардың, ғылыми-техникалық прогресстің өркендеуі себеп болды. Ал ол болса, өз мамандығын

жақсы игеріп қана қоймай, сонымен қатар, шетел тілін жетік меңгерген мамандарды оқытып шығаруды қоғам қажет ететіндігін білдіреді.

Жоғары кәсіптік білім төңірегінде шетел тілін меңгеру қажеттілігі туралы айтатын болсақ, мұнда шетел тілін білмеу, сондай-ақ оны қолдана білмеу – ғылым мен техника дамуында артта қалудың, сонымен қатар, Қазақстанның әлемдік экономикалық жүйеге енуіне бөгет болуының басты себебі екендігін студенттердің санасына жеткізу қажет.

Тілдік емес жоғары оқу орындарының шетел тілі пәні оқытушыларына – аз уақыт ішінде, шетел тілін жетік меңгерген маман дайындап шығару міндеті қойылған. Сонымен қатар, оқыту оқу бағдарламасының талаптарына сай келіп, бұл жағдайды берілген оқу жоспарында белгіленген аз уақыт ішінде жүзеге асыру керек. Осындай аз уақыт ішінде студенттерді өздерінің мамандықтары бойынша мәселелер төңірегінде сөйлеуге және тіл иеленушілерінің тілін түсіне білуге үйретуді дәстүрлі және инновациялық әдістер арқылы, оқытудың коммуникативті принципіне нақты бағыттала отырып жүзеге асыруға болады [2, 130 б.].

Студенттердің оқу іс-әрекеттері дұрыс ұйымдастырылған кезде, шетел тілін меңгеру оқыту сатысында және коммуникативті-практикалық сатылар да қатар дамиды. Техникалық жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытуда оқыту мазмұны адамзат іс-әрекеті саласының соңғы жетістіктеріне бағытталып, білім алушылардың кәсіптік қызығушылықтарын тудыратын және оларға кәсіби өсуге мүмкіндік беретін әр сала бойынша ғылыми жетістіктерді дер кезінде көрсетіп отыруы тиіс. Осылайша, тілдік емес жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту мазмұнын білім алушылардың оқу процесінде меңгерілетін білімдерінің жиынтығы ретінде қарастырған жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген // «Егемен Қазақстан» 2012.09.26., № 631-632.

2. Матвеев И.А., Олейник А.Н. История и перспективы развития иноязычного образования в технических вузах // Альманах современной науки и образования: Педагогические науки. Тамбов: Грамота, 2007. №3, III бөлім. 130-132 б.

* 297230*

Шамсиддин Д.С., Жұмабаева Ұ.М.

Шымкент университеті, Шымкент қ., Қазақстан

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ТАРИХЫН ҚОЛДАНУ

Тарихи-мағлұматтарды пайдалану принципіне сипаттама бере келе ең әуелі оның оқу процесінің барлық жағдайларын біріктіретін педагогикалық мақсаттармен тығыз байланысын орнату керек. Бұл ең әуелі оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың мақсаттары. Бұл барлық мақсаттар бір-бірімен тығыз байланысты және олар қазіргі қоғамның мектеп алдына қойған мәселесіне тәуелді. Өзара байланыс тарихи мағлұматтардың мектеп математикасын құруға және оның мазмұнына тигізетін ықпалының шамасын анықтауға талпыну үшін қажет.

Бұл принциптің оқу процесінің жалпы білім беретін, тәрбиелілік және дамытушылық мақсаттарымен байланысы анық. Оқыту процесіндегі жалпы білім беретін мақсаттар оқушыларға математикалық білімнің, дағды мен шеберліктің белгіленген көлемін жеткізу талаптарын енгізеді. Бұл көлем оқулықтардың мазмұнымен және бағдарламасымен анықталады. Оқудың соңында оқушылар нақты шындықтың танымының математикалық әдістерін игеру қажет және оқудың әрі қарайғы процесінде және өздігінен білім алуда білім мен шеберліктің дағдыларын еркін пайдалану қажет. Ғылымның даму тарихымен жүйелі танысқан оқушылар өтілген материалды тереңірек қабылдайды және оны тез есте сақтайды. Олар математиканың пәнаралық және пәнішіаралық байланыстарын жақсы ұғынады.

Математика сабағында тарихи-мағлұматтарды пайдалану принципін қолдану мен ғылыми диалектикалық-материалистік танымды қалыптастыру арасындағы тығыз байланыс төменде қарастырылады. Математика сабағында оқушылардың атеистік, эстетикалық және мінез-құлық тәрбиесінің идеясын іске асыра отырып, оқытушы сонымен бірге тарихи мағлұматтарды пайдалану

принципі оқу процесіндегі осы мақсаттарды іске асыратын тиімдірек құралдардың бірі болып табылатынын білуі керек. Басқаша айтқанда мұғалім ғылымның дамуы мен пайда болуы туралы айтқанда, әртүрлі халықтардың түрлі уақыттағы ғылымдары туралы оқушылардың есіне салып отырады. Сонымен бірге бір уақытта оқытудың тәрбиелілік дамытушылық мақсаттары іске асады. Мысалы, мұғалім сандарға байланысты ескі нанымдар туралы айтуы мүмкін және осылайша атеистік тәрбие мәселесін қозғайды.

Сабаққа тарихи-математикалық мағлұматтарды ендіру тәрбиелілік және дамытушылық оқытудың кейбір шарттарының орындалуымен байланысты қазіргі замандық психологиялық-педагогикалық концепцияларынан көрініс береді. Мысалы, Т.И.Шамова көрсеткендей оқу процесінің тиімділігі оқушыларды танымдық қайраткерлікке ынталандыратын эмоционалды «ауа райына» тәуелді, шабыт, танымдық қызығушылық, қайратты жігер және т.с.с. маңызды психологиялық факторларға жол ашады.

Әдіскер-математик А.Ф.Сивяков оқу процесінің тиімділігін жоғарылату факторларының қатарына оқушылардың математикалық пікірлердің көріктілігі мен сымбаттылығын сезінуін де қосты. Мұғалім сабаққа математиканың көрнекілігін ашатын қызықты тарихи есептерді, оқушылардың танымдық қайраткерлігін белсенді ететін тарихи мағлұматтарды енгізу керек.

Түрлі есептерді шешудің, дәлелдеулердің, есептеулердің түрліше әдістерін салыстырып, оқушыларға бір есептің түрліше шешу әдістерін, бір теореманы дәлелдеудің бірнеше түрлерін көрсету қажет және ғасырлар бойы бір математикалық есепті бірнеше жолмен шешу арқылы нәтижесінде есепті шешудің қарапайым және тезірек шешілетін жолы таңдалғанын айту керек. Оқушыларға ішінен біреуі ұнайды және олар өз таңдауларын былай жеткізеді: «Өте қарапайым шешім», «Тапқыр және көрнекті дәлелдеме», «Көрнекті және қысқаша баяндама», «Қарапайым және әдемі есептеу». Егер бұл математикадағы эстетикалық түсінік кейбір оқушыларға интуитивті жақын болса, онда мұны басқа балаларға да үйрету пайдалы.

Егер тарихи-математикалық мағлұмат математика сабағынан орын алса да мұғалімнің ең басты қамы – оқытудың негізгі принциптерінің – ғылымдық, жүйелілік және тізбектілік, мүмкіншілік, көрнекілік және т.б. өткізуге залал келтірмеу болуы керек. Мысалы, 6-шы сыныптарға арналған алгебра оқулықтарында берілген функция түсінігінің анықтамасын қарастырайық. Ол қатынастық қазіргі заманғы түсінігімен, оқушылар үшін абстракцияның жоғары дәрежедегі түсінігі көмегімен анықталды. Бұл тақырыпты түсіндіру барысында тарихи мағлұмат яғни функция түсінігінің пайда болуы мен дамуы орынсыз болып көрінеді. Мұндай мазмұндауда бұл мағлұматтар функция түсінігін игеріп алған оқушы үшін ғана қызықты болып көрінуі мүмкін. Функция түсінігімен бірінші рет танысып отырған оқушыға бұл мағлұмат оның қатынас түсінігімен байланысын көру қиын болғандықтан қажетсіз және артықша түсініктеме, сабақ уақытын тиімсіз пайдаланған болып көрінеді. Сондықтан мұғалім тарихи мағлұматтарды пайдалану принципін шетте қалдырып, ерекше бағыттардың көмегімен түрліше екі нүктенің жиынынан нүктелер жұбы, түрліше екі санның жиынынан сандардың жұбы және т.с.с. берілетін ерекше суреттердегі жаңа түсініктің мәнін оқушыларға түсіндіруге мәжбүр болады.

Жүйелілік және тізбектілік принципі математика сабағының мазмұнына кез-келген тарихи мағлұматты енгізуге жол бермейді. Оқушылардың бірі жақында новгородтық мақтау қағазын оқығаны анықталады және ол оқығаны туралы бүкіл класқа айтуға ұмтылады. Мұндай сабақтар нұқсан келтірмейді, керісінше зор пайда келтіреді, бірақ сабақ жоспары бәрібір бұзылады.

Бұл барлық пікірлер тарихи мағлұматтарды пайдалану принципі мен басқа принциптер арасындағы және дидактика қағидалары арасындағы өзара байланысты қарастырғанда ең алдымен оқудың жүйелілігін және тізбектілігін, ғылымдылығын және оның өмірмен байланысын бұзбай оқу процесіне тарихи-математикалық мағлұматтарды енгізуді шектеу керек екеніне көз жеткізеді. Бұл ерекшелік оқу процесінде қарастырып отырған принципті ұйымдастыру шарттарының өзіндік үлгісін анықтайды. Бұдан мынадай сұрақтар туындайды:

Түрлер дегеніміз не? Оларды пайдаланудың функционалды белгілеуі мен шарттары қандай? Осылайша зерттеліп жатқан принципті өзара талдау жолында зерттеудің дербес есептерінің бірі анықталды. Осы сұраққа байланысты қазіргі көмекші құралдарда тарихи-мағлұматтарды пайдалану принципін қолданудың шарттарын шектеу осы уақытқа дейін эмпирикалық ұсыныс түрінде іске асып келеді: тарихи мағлұматтардың көлемін көбейтуге болмайды, оқушыларды сабақтың негізгі мақсатынан алаңдатуға болмайды, оқушылардан барлық тарихи фактілерді, атаулы күндерді, атауларды және олардың жазылуын есте сақтауын талап етуге болмайды. Осы сияқты барлық теріс жарлықтарды мынадай бір негізгі сөзбен ауыстырсақ болады: Сабақта тарихи мағлұматтарды пайдалану мақсаттар мен сабақ материалын сәтті үйренуге қызығушылығына жауап беру. Басқаша айтқанда тарихи мағлұматтарды пайдалану принципі өзімен-өзі пайдаланылмау керек, керісінше оқу процесінде басым рөлді атқаруы, оқу процесіне бағынуы тиіс.

Тарихи мағлұматтарды пайдалану принципі оқушылар үшін оқу материалын игеруді күшейтеді, тіпті ғылымдық дәрежені төмендетсе де оқу процесіне тарихи-математикалық мағлұматтарды ендіру объективті қажеттілік деген тұжырым жасауға болады. Егер тарихи-мағлұматтарды пайдалану принципін ұйымдастыру үшін қолайлылық шарттары жасалмаса, онда ол өз кезегінде оқу материалын игеруді төмендетеді және ғылымдық принциптердің ұйымдасуына бөгет жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Абенова М. «Математика тарихы». Шымкент, 2007ж.
- 2 Абрарова М.А. «Из истории преподавания математики в Бухаре». Ташкент, 1975г.
- 3 Белл Э.Т. Творцы математики. Предшественники современной математики./Под.ред.С.Н. Киро, Москва,1999г./
- 4 Башмакова И.Г.,Белый Ю.А., Демидов С.С. и др. Хрестоматия по истории математики: арифметика, алгебра, теория чисел, геометрия/ Под.ред. А.П. Юшкевича. Москва, 1995г.

* 297293 *

Тундебаева А.А.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ РЕФЛЕКСИВТІК САПАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Біз қадам басқан ХХІ ғасыр бәсекеге қабілетті маманды талап етуі заңды құбылыс. Сондықтан, болашақ мұғалімдер білім деңгейі мен біліктілік тұрғысынан әлдеқайда жоғары болуы тиіс. Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасында: жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, оқыту бағдарламаларын өзгертуді, сондай-ақ студенттердің алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздейді – деп көрсетілген [1].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексиялық құзыреттілігін дамытуда олардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, өзін өзі ұйымдастыру, өзін өзі жүзеге асыру, өзін өзі бағалау сынды дағдыларын қалыптастыра алатын іскерлік қажет.

Адам санасының рефлексия феноменінсіз еш мәні болмайды. Себебі кез-келген күрделі жүйе дамиды, ерте ме, кеш пе рефлексия феномені туындайтындай жағдайға жетеді, яғни, адам өз әрекетін ойында қорытып, оның барысын бақылап, реттеп, нәтижесіне баға бере отырып, өткен тәжірибеден қорытынды шығарады, алдағы әрекетін жоспарлайды.

Философиялық сөздікте: рефлексия (лат. reflexio – кейінге оралу) – бейнелеуді, сондай-ақ таным актісін зерттеуді білдіретін термин. Ал одан шығатын «рефлексиялау» ұғымына сананы өз өзіне үңілдіруді, өз психикалық күйіне ой жүгіртушілікті сипаттайды, – деп анықтама берілген [2].

Педагогикалық сөздікте, «рефлексия – субъектінің ішкі психикалық актілерді және күйлерді өмірлік тәжірибе негізіндегі өзін өзі тану үдерісі» деп көрсетілген [3].

Зерттеу барысында рефлексияны ғылыми түрде классикалық философия өкілдері *И.Фихте* [4], *Ф.Шиллинг* [5], *И. Кант* [6], *Р. Декарт* [7], *Дж. Локк* [8] т.б. еңбектерінде *танымның ерекше түрі, адамның өзінің ақыл - ой әрекетін сыртқы әлем сияқты тануы, өзін - өзі іздеуі, ойлау туралы ойлау, сананың жаңа (сараптамалық) жағдайы, білім туралы ойлау ретінде, ал ұлы ғұламаларымыз әл-Фараби, А.Яссауи, Ж.Баласағұн, Х.Дулати, М.Қашқари, А.Құнанбаев* [9] *адамның өзін өзі тануы және нені білгісі келетінін ұғынуы, әрбір ісіне қорытынды жасап, өкінбей өмір сүру үшін жасайтын ой әрекеті тұрғысынан қарастырылғандығы анықталды.*

Рефлексия адам психикасының жетілу деңгейін көрсететін, оның әрекетінің құрылымының компоненті болғандықтан, бұл сапаны дамыту психология ғылымында *Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, Б.Г.Ананьев, М.А.Холодная* т.б. еңбектерінде тұлға теориясы, интеллект теориясы, сана мен өзіндік сананы қалыптастырумен байланыста зерделенеді [10].

Отандық психология саласының ғалымдары: *Ж.Аймауытов, М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, Ә.Алдамұратов, Қ.Жарықбаев* т.б., тұлғаны дамыту, дәстүрлі мәдениет өкілдерінің когнитивтік эмпатиясы мен рефлексиясы мәселелері аясында [11]; *С.М.Джакупов, Ж.И.Намазбаева, Н.Қ.Тоқсанбаева* және т.б. рефлексияны тұлғаның ішкі және сыртқы дамуын қамтамасыз ететін зияттылығының белгісі ретінде, оқыту үдерісінің психологиялық құрылымы, танымдық әрекет, қарым-қатынас психологиясы шеңберінде әр қырынан қарастырады [12].

ТМД ғалымдары: *С.И.Архангельский, В.П.Беспалько, Ю.К.Бабанский, С.С.Гамидов, Л.В.Занков, М.В.Кларин, Г.К.Селевко, Л.С.Подымова, О.А.Абдуллина* және т. б. зерттеулерінде бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби даярлаудың теориялық негіздері қарастырылып, педагогикалық жоғары оқу

орындарындағы оқу үдерісінің оқыту технологияларын қолдану негізінде тиімділігін арттыру жолдары айқындалды [13].

Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамыту және оның мәнін зерттеу нәтижесі, бізге болашақ мұғалімде болуы тиіс төмендегідей қасиет-сапаларын анықтауға мүмкіндік берді. Олар:

- педагогикалық рефлексияда өзіне тиісті кәсіптік білімі мен дағдыларын және кәсіби даму тапсырмаларын ескере отырып, нақты бір жағдайда бастауыш сынып оқушыларының білімін дамыту, олардың әрқайсысын басқамен емес, өзінің өткенімен салыстыру;

- бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамыту үшін кәсіби іс-әрекеттің тиімді жолдарын анықтау;

- оқушылардың рефлексиясын дамытуда кездесуі мүмкін қиындықтарды айқындап, нақты себептерін анықтау және оны шешудің жолдарын қарастыру;

- оқушылардың рефлексиясын дамыту міндеттері бойынша берілген тапсырмалардың нәтижелерін салыстыру, соған сәйкес кәсіби қызметінің табыстылық деңгейін анықтау;

- бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамытуда өз құзыретін жетілдіруге бағытталған жұмысын жоспарлау;

- оқушылардың рефлексиясын дамытуда өз тәжірибесіне сүйеніп жаңа технологияны қолдану;

- оқушылардың рефлексиясын дамыту бағытындағы кәсіби іс-әрекетін, өзара әріптестер арасында қолданысқа енгізгенге дейін және кейін ауызша талқылау;

- бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамыту үшін, кәсіби іс-әрекетті ұйымдастыру мен жүзеге асыруда рефлексияның рөлін анықтау.

Ғалымдардың рефлексиялау бойынша педагогикалық еңбектерін талдау нәтижесінде алынған болашақ мұғалімдердің рефлексиясының сипаттамаларының графикалық бейнесін 1-суреттен көруге болады.



Сурет 1- Болашақ мұғалімдердің рефлексиясының сипаттамалары

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде рефлексия болашақ бастауыш сынып мамандарының жаңа психикалық көрінісі ретінде бөлінеді, оның тұтас тұлға ретінде қалыптасуының нәтижесі мен құралы ретінде көрінеді. Айтылған ойлар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігіне дәлел бола алады. Алынған мәліметтер болашақ мұғалімдерге зерттеліп отырған ерекшеліктердің құрылымына кіретін рефлексиясын дамыту құндылығын беруге қажетті аксиологиялық білімді анықтау үшін маңызды.

Қорыта келе, көтеріліп отырған мәселе тиімді шешілуі үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың мазмұнына, технологияларына, жолдары мен әдістемесіне қатысты белгілі бір шешімдер қабылданып жүзеге асырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1443 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>.

2 Философиялық сөздік / Редкол. Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов, Ж.М.Әбділдин ж.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1996. – 525 б.

- 3 Педагогика. Большая современная энциклопедия / Сост. Е.С.Рапацевич. – Минск.: «Современное слово», 2005. – 720 с.
- 4 Фихте И.Г. Избранные сочинения: М.; 1961. – Т.1. - 369 с. <https://www.rulit.me/author/fihte-iohann-gotlib>
- 5 Шиллинг Ф.В. Система трансцендентального идеализма. http://filosof.historic.ru/books/a0000_1.shtml
- 6 Кант И. О педагогике // Кант И. Трактаты и письма. М: Наука, 1980 г., 712 стр.http://platona.net/load/knigi_po_filosofii/istorija_nemeckaja_klassicheskaja/kant_traktaty_pisma/12-1-0-1890
- 7 Декарт Р. Рассуждение о методе для хорошо направленного разума и отыскания истины в науках / Сочинения: в 2 т. – М.: Мысль, 1989. – Т.1. – 654 с. - (Филос. наследие; Т. 106).- С.250-296. <http://filosof.historic.ru/books>
- 8 Локк Дж. Избранные философские произведения. – М.: Изд-во Соцэкгиз, 1960. – Т. 1. -537 с.
- 9 Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының: 2 томдық жинағы.– Алматы: Жазушы, 2013. – Т. 2. – 336 б.
- 10Холодная М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. http://invest.org.ua/content/userfiles/files/library/Holodnaya_Psihologiya_intellekta. Pdf-208 с.
- 11Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы: Білім, 1993. -158 б.
- 12Тоқсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы: автореф. ... канд. ... дисс. - Алматы : Б.ж., 2001. - 30 б.
- 13 Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования: Для пед. спец. высш. учеб. заведений / 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Просвещение, 1990. – С. 40 – 141.

* 297308 *

Тундебаева А.А.*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан***БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ РЕФЛЕКСИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ**

Рефлексиялық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның кәсіби қасиеті, рефлексиялық дағдыларды, білімді, интроспекция мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін қамтитын интегралды сипаттама [1]. Мотивтер, көзқарастар, құндылық бағдарлары сияқты жеке қасиеттер алдыңғы қатарға шығады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексивті құзыреттілігін дамытудағы қалыптастырушы экспериментті ұйымдастыруға төмендегідей міндеттер қойылды: - студенттерді кәсіби даярлауда рефлексивті құзыреттілікті дамытуға қажетті теориялық таным – түсініктерін толықтыру; - жоғары оқу орнындағы білімдік үдерісте рефлексивті құзыреттілікті дамыту әдістерінің барлық мүмкіндіктерін толық пайдалану; - практикалық ұсыныстар беру.

Дәріс-диалог – интербелсенді дәріс-диалог түрінде өтеді. Дәріс-диалогтің басты мақсаты – қатысушыларға ақпарат ұсыну («беру») емес, олардың әлеуметтік және кәсіби дағдылары мен құзырлылықтарын дамыту. Дәріс бөлімдерінің арасы (2-5 минуттық үзілістері) қатысушылардың бірлескен белсенді әрекеттерімен толтырылуы қажет.

Брифинг – негізгі күн тәртібіндегі мәселе бойынша нұсқау, қысқа мәжіліс жасау. Барлық қатысушылардың кездесуі. Онда белгілі бір мәселе төңірегінде баяндалады, қатысушы жақтардың көзқарасы хабарланады. Брифинг конференцияның үлгісі тәріздес.

Тренинг – қысқа мерзім ішінде практикалық қолданыста қажетті әрі тиімді біліктер мен дағдыларды игеруге бағытталған оқу сабақтары. Әдетте, тренингтерде мынандай интербелсенді тәсілдер қолданады: іскерлік және рөлдік

ойындар, нақты жағдайлар мен ситуацияларды талдау, топтық пікірталастар, презентациялар [2, 145 б].

Жоғарыдағы міндеттерді жүзеге асыру аясында «Бастауыш білім беруде рефлексивті құзыреттілікті дамыту негіздері» тақырыбындағы арнайы курс бағдарламасы дайындалып тәжірибеден өтті.

Курстың мақсаты: студенттерде рефлексивті құзыреттілікті дамыту негіздерінің теориясы мен әдістемесін меңгерту.

Курстың негізгі міндеттері:

- болашақ мамандарды рефлексивті құзыреттіліктің теориялық негіздерімен қаруландыру; - рефлексивті құзыреттілікті дамыту арқылы болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың жаңа тұжырымдамалық қағидаларын педагогикалық-психологиялық тұрғыдан анықтауға жағдай жасау; - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда рефлексивті құзыреттілікті дамыту арқылы білім сапасын арттыруды оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ететін жолдарды ұғындыру және оны ұйымдастыруға кеңес беру

«Бастауыш білім беруде рефлексивті құзыреттілікті дамыту негіздері» атты курстың мазмұны төмендегідей теориялық және қолданбалы бөліктерден түзілген:

Теориялық мазмұны: - тұлға және құзыреттілік теориялары; - кәсіби даярлаудың өзектілігі мен мәні; - рефлексивті құзыреттілікті және оның ішкі құрамаларының кәсіби даярланудағы маңызы;

Курстың қолданбалы бөлігі:

- рефлексивті құзыреттілікті дамыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы білім мазмұнына сай интеграцияланған оқу қызметтерінің формаларын ұйымдастыру.

Дайындалып отырған «Бастауыш білім беруде рефлексивті құзыреттілікті дамыту негіздері» элективті курсы оқыту нәтижесінде: - болашақ мамандарда рефлексивті құзыреттілікті дамытудағы теориялық негіздері бойынша білімі;

- рефлексивті құзыреттілікті дамыту арқылы болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың жаңа тұжырымдамалық қағидаларына педагогикалықпсихологиялық тұрғыдан теориялық түсініктері;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексивті құзыреттілікті дамыту арқылы білім сапасын арттыруды оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ететін жаңа теорияларды жасау және ұйымдастыруда кәсіби білігі, оларды педагогикалық үдерісте қолдану дағдылары қалыптасатын болады. «Бастауыш білім беруде рефлексивті құзыреттілікті дамыту негіздері» атты элективті курстың оқу-тақырыптық жоспарын ұсынамыз (кесте 1).

Кесте 1 - «Бастауыш білім беруде рефлексивті құзыреттілікті дамыту негіздері» атты элективті курстың оқу-тақырыптық жоспары

Реттік саны	Тақырыбы	Сағат саны
I.Нормативтік-құқықтық модулі		
	Білім берудегі рефлексивті құзыреттілікті дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар мен нормативтік акт мазмұны	1
	Білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары	1
Мазмұндық		
	«Бастауыш білімде рефлексивті құзыреттілікті дамыту негіздері» ғылыми пән ретінде	1
	«Рефлексивті құзыреттілікті » - көпәспектiлi құрылым	1
	Тұлғаның рефлексивті құзыреттілігін дамытудың философиялық, психологиялық, педагогикалық теориялары	1
	Бастауыш білімде рефлексивті құзыреттілікті дамытудың әдіснамалық тұғырлары.	1
	Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша рефлексивті құзыреттілікті дамытудың жаңа философиялық тұжырымдамалары	1
	Бастауыш білімде рефлексивті құзыреттілікті дамытудағы синергетикалық білімнің маңызы	1

	Рефлексивті құзыреттілікті педагогикалық практика, сабақ беріп көру кезеңінің маңызды құралы ретінде	1
	Бастауыш білімде рефлексивті құзыреттілікті дамытудың диагностикасы	1
Технологиялық		
	Бастауыш білімде рефлексивті құзыреттілікті дамытудағы инновациялық технологияларды пайдалану	1
	АКТ құзыреттілігін қалыптастыру	1
	Сын тұрғысынан ойлау	1
	Білім алушылардың оқу, ғылыми-зерттеу және жобалық қызметі.	1

Кесте 2 - «Бастауыш білім беруде рефлексивті құзыреттілікті дамыту негіздері» атты элективті курстың практикалық сабақтың жоспары

Практикалық сабақтың тақырыптары	Сағат саны/ формасы
	Практикалық сабақ
1	2
Білім берудегі рефлексивті құзыреттілікті дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар мен нормативтік акт мазмұны. 1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020- 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жайлы. Ассоциация мен метафора тізбектер 2. Мемлекеттік бағдарламалар мен нормативтік акт мазмұны туралы. Үш кадамды сұхбат	2
«Бастауыш білімде рефлексивті құзыреттілікті дамыту негіздері» ғылыми пән ретінде 1. Жаңа жағдайға бейімделу жолдары. Ойлан, жұптас, пікірлес әдісі 2. Стратегиялық ойлау және бағалау қабілеті туралы. «Мен идея генераторымын!» өзіндік идея құру.	2
«Рефлексивті құзыреттілік» - көпаспектілі құрылым	2

<p>1 Кәсіби тұлғалық сапалары туралы. Фантограмма әдісі.</p> <p>2. Кәсіби даярлық – өз бетінше әрекет ету жолдары (мотивтері) Топтық жұмыс.</p>	
<p>Тұлғаның рефлексивті құзыреттілігін дамытудың фило-софиялық, психологиялық, педагогикалық теориялары.</p> <p>1. Философия ғылымында рефлексивті құзыреттілік ұғымының философиялық жіктелуі ретінде. Ойлан, жұптас, пікірлес әдісі</p> <p>2. Психология ғылымында «рефлексивті құзыреттілік» ұғымы. Ойлан, жұптас, пікірлес әдісі</p> <p>3 Педагогика ғылымындағы «рефлексивті құзыреттілік» ұғымы. Морфологиялық талдау әдісі</p>	2
<p>Бастауыш білімде рефлексивті құзыреттілікті дамытудың әдіснамалық тұғырлары.</p> <p>1. Жүйелілік тұғыр, тұлғалық тұғыр, көпсубъектілі тұғыр. Ми шабуылы әдісі</p> <p>2. Синергетикалық тұғыр, интегративтік тұғыр, құзыреттілік тұғырлар. Синектика әдісі</p>	2
<p>Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша рефлексивті құзыреттілікті дамытудың жаңа философиялық тұжырымдамалары</p> <p>1. Спиральді (шиыршықты) білім беру бағдарламасы туралы. Синектика әдісі</p> <p>2. Критериалды бағалау ұғымының категориялары. Фантограмма әдісі.</p>	2
<p>Бастауыш білімде рефлексивті құзыреттілікті дамытудағы синергетикалық білімнің маңызы</p> <p>1 Бастауыш білімде рефлексивті құзыреттілікті дамытудың құрлымы. Ми шабуылы әдісі</p> <p>2 ЖОО-да білімдік үдерісті ұйымдастыру кезеңдерінде командалық жұмыстар туралы. Фантограмма әдісі</p>	2
<p>Бастауыш білімде рефлексивті құзыреттілікті дамытудағы инновациялық жұмыстар және оларды ұйымдас-тыру ерекшеліктері</p> <p>1. АКТ, сын тұрғысынан ойлау, инновациялық технологияларды пайдалану тәсілдері. Морфологиялық талдау тәсілі</p>	2

2 Берілген тақырып аясында жаңа мәтін жасау дағдылары. Фантограмма әдісі.	
Рефлексивті құзыреттілік педагогикалық практика, сабақ беріп көру кезеңінің маңызды құралы ретінде 1. Сабақ беру барысындағы әдістері пайдалану жолдары. Үш қадамды сұхбат. 2 Рефлексия жасай білу қабілеттері. Фокалды нысандар тәсілі	2
Бастауыш білімде рефлексивті құзыреттілікті дамытудың диагностикасы 1 Проблемалық мәселелерді нақтылау жүйесі. Презентация дайындау. 2. Ойлау дағдыларын жетілдіру. Синектика әдісі	2
Барлығы:	15

Қорыта келгенде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексивті құзыреттілігін дамыту әдістемесі бойынша оқытушыларды студенттермен жұмыс жасауда қажет білімдермен жабдықтау, студенттер ұжымында қолайлы психологиялық климатты және өзара әрекеттесу қатынастарын орнату қажеттілігін ұғынуда маңызды болып табылады. Сонымен жоғарыдағы айтылғандар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін рефлексивті құзыреттілігін дамыту студенттердің демократиялық стильдері артады деп тұжырымдаймыз. Олар: студенттерде оқу-кәсіби іс-әрекет мотивациясы артады; студенттердің өзара жағымды қарым-қатынастары жетіледі; студенттер арасында оқытушы өзін субъект-субъект диадасында ұстайды; студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетке қатысты таңдауларына мүмкіндік береді; мәселелердің шешімін бірігіп шешкенмен соңғы шешімді өзі тұжырымдайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құдайбергенова К.С. Құзырлық амалының негізгі ұғымдары (лекция материалдары). - «XXI ғасыр мектебі» қоғамдық бірлестігінің баспанасы, 2007. – 101 б.
2. Скворцова Ю.В., Кашапов М.М. Метакогнитивные основы конфликтной компетентности профессионала. - М.; Ярославль: Ремдер, 2003. – 183 с

* 297311 *

Казимова Д.А., Қазығұлов Б.Н., Қыдырәлі Д.Д., Қоңырбаева А.Қ.*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,**Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы***ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТӘСІЛ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА****МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЙЫНДАУ**

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясының негізгі бағыттары туралы көзқарасында басымдықтардың бірін - білім мен кәсіби шеберлікті - кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі заманғы жүйесінің басты бағдарларын нақты көрсетті. Кәсіптік-техникалық және жоғары білім бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген ағымдағы және перспективалық қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға бағдарлануы тиіс. Көп жағдайда бұл халықты жұмыспен қамту мәселесін шешеді [1].

Кәсіби даярлау сапасын арттыру қазіргі уақытта мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады. Бұл бағытты іске асырудың кәсіби білім беру жүйесі үшін ерекше маңызы бар, оның аясында білім беру процесінің негізгі тұлғасы - педагогты даярлау жүзеге асырылады. Қазіргі заманғы мұғалімнің қызметінің үздіксіз күрделенуі және кеңейту үрдісі оның кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарды да едәуір арттырады. Бүгінгі таңда мұғалімде осындай кәсіби құзіреттіліктер кешені болуы керек, бұл оған инновациялық қайта құру жағдайында педагогикалық іс-шараларды жүзеге асыруға қабілетті білім берудің жауапты менеджері болуға мүмкіндік береді.

Кәсіптік-педагогикалық білім берудің ерекшелігі өндіріс саласына және психологиялық-педагогикалық даярлыққа сәйкес мамандық бойынша даярлықты біріктіруден тұрады. Бұл бір мезгілде өндірістің белгілі бір саласындағы нақты кәсіптік қызметпен айқындалған, жалпы мамандық бойынша және кәсіптік пәндер циклдері бойынша мамандарды (жалпы кәсіптік, бейіндеуші және мамандану пәндері) теориялық және өндірістік оқытуға да дайындықты көздейді. Э.Ф.Зеердің пікірінше оқушыларды дайындау кәсіби

маңызды құзыреттер жүйесін қалыптастыру мақсатында әртүрлі кәсіби маңызды қызмет түрлеріне қосу арқылы жүргізілуі тиіс [2].

Бүгінгі таңда психологиялық-педагогикалық ғылымда жоғары оқу орындарының оқу процесінде құзіреттілікті қалыптастырудың әртүрлі мәселелері кеңінен зерттелген. Білім берудегі құзіреттілік тәсілін жүзеге асыру тенденциясы жақында байқалғанына қарамастан, оның жақсы дамыған ғылыми-теориялық негізі бар. Қазіргі уақытта П.В. Беспалов, Т.А. Гудкова, О. Б. Зайцева, Л.Л. Кайнина, Ш.Құрманалина, И.Б. Мылова және тағы басқалардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың практикалық тәжірибесі жинақталған.

Кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытудың ғылыми-теориялық негізімен жетекші қазақстандық ғалымдар Ш.Әбдірахман, Б.А.Әбдікәрімов, Г.К.Ахметова, С.Я. Батышев, К.М. Кертаева, Н.Д. Құлмақ және т. б. айналысқан.

Кәсіби құзыреттілікке байланысты заманауи аспектілер мен зерттеулер келесі жұмыстарда көрсетілген: кәсіби оқытудың болашақ педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру - Н.Р. Шәметов; жұмысшылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары - Д.Г. Мирошин; болашақ мұғалімдердің әлеуметтік құзыреттілігі - Г.Ж. Менлибекова; ЖОО – дағы болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары - М. В. Семенова; Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орындары тыңдаушыларының кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру - Е.А. Лобынцева.

Заманауи педагогикалық зерттеулерді талдау, сондай-ақ отандық білім беру тәжірибесі мамандардың кәсіби құзыреттілігіне қатысты мәселелерге қызығушылықтың артуын көрсетеді.

Қоғамды жаңғыртудың жаңа стратегиялық бағыттары білім беру саласының әлеуметтік өміріне белсенді және сауатты ықпал ету мүмкіндіктерін арттырды. Сондықтан құзыретті маманның кәсіби дайындығында мемлекет пен қоғамның барлық мекемелерінде педагогикалық негізделген шешімдерді қолдану қабілеті мен дағдыларын дамыту маңызды міндет болып табылады. Педагогикадағы осы әлеуметтік дамудың объективті қажеттілігі нәтижесінде «әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілік» ұғымы пайда болды. Экономиканың

барлық салалары үшін жоғары білімді маман даярлау кезінде құзыреттіліктің осы түрін қалыптастыру қажет.

А.В.Хуторской құзыреттілікті «оқыту арқылы алынған білім мен тәжірибеге негізделген, жеке тұлғаның оқу-танымдық процеске дербес қатысуына бағытталған, сондай-ақ оны еңбек қызметіне сәтті енгізуге бағытталған іс-әрекетке жалпы қабілеті мен дайындығы» ретінде анықтайды [3].

Осылайша, маманның кәсібилігі кәсіби құзыреттілікті қабылдау арқылы сипатталады. Құзыреттілік дегеніміз-адамның белгілі бір еңбек функцияларын орындау қабілетіне ие болуы. Жұмысты кәсіби орындау туралы сөз болғанда, олар оны жоғары деңгейде жүзеге асыруды білдіреді. Жоғары кәсіби деңгейде қызметті жүзеге асырудың қажетті шарттары теориялық дайындықтың, сондай-ақ практикалық дайындықтың болуы болып табылады. Біріншісі-қызметті жүзеге асыру туралы жүйелі білімнің болуы, екіншісі - дағдылар мен қабілеттің болуы. Алайда білім мен дағдылардың болуы бірліктің талаптарын қанағаттандыруы керек. Әрбір білімді көрсете білу, әрбір білімді қолдана білу.

Әр түрлі зерттеушілердің пікірінше, негізгі құзыреттер: коммуникативті, ақпараттық реттеуші, басқарушылық және психиканың функциялары негізінде жалпы қабілеттердің жіктелуін көрсетеді.

Құзыреттілік, осылайша, мамандықтың талаптарына сәйкестік дәрежесінің жеке сипаттамасы болып табылады. Маманның кәсіби құзыреттілігі бойынша біз оның еңбек қызметін жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындығының бірлігін түсінеміз. Осылайша, біздің ойымызша, құзыреттілік дегеніміз-белгілі бір кәсіби қызмет саласында алған білім, дағды, тәжірибе, ақпараттық байлық және басқа қасиеттер деңгейін көрсететін маманның зияткерлік, психологиялық, моральдық және белсенді (функционалды) күйлерінің жүйесі.

Әрине, кейбір құзыреттіліктер басқаларына қарағанда жалпы немесе маңызды екені анық. Құзыреттер типологиясы мен олардың иерархиясы проблемасы туындайды.

Білім беру мазмұнын жалпы мета-пәндік (барлық пәндер үшін), пәнаралық (пәндер циклі немесе білім беру салалары үшін) және пәндік (әрбір оқу пәні үшін) болып бөлуге сәйкес үш деңгей құрылады:

1) түйінді құзыреттер-білім берудің жалпы (метапәндік) ұстанымына жатады;

2) жалпы пәндік құзыреттер-оқу пәндері мен білім беру салаларының белгілі бір шеңберіне жатады ;

3) пәндік құзыреттер - оқу пәндері шеңберінде нақты сипаттамасы және қалыптастыру мүмкіндігі бар алдыңғы екі құзыреттілік деңгейіне қатысты жеке құзыреттер

Мемлекеттік білім беру стандарты мен қазіргі қоғамның талаптары кәсіптік білім беру мұғалімінің білімі, дағдылары мен біліктіліктерін белгілейді. Оларға келесілер кіреді:

- педагогикалық іс-әрекет проблемасын анықтау, оқушылардың білімдену нәтижелерінің мақсат-тарын қою, жоспарланған білім беру нәтижелеріне сәйкес білім беру мазмұнын және оны іске асыру тәсілдерін іріктеу, барабар дидактикалық және бағалау материалдарын іріктеу;

- қойылған мақсаттарға сай келетін білім беру технологиялары мен бағалау технологияларын таңдау:

- жағдайды талдау негізінде педагогикалық іс-әрекеттің нақты әдістері мен тәсілдерін таңдау(оқушылардың сипаттамалары мен ілгерілеуін, білім беру мазмұнының ерекшеліктерін, білім беру процесінің ресурстарын және т. б. қамтитын), оқушылардың курс бағдарламасын, бөлімін, тақырыбын игеруін жоспарлау, педагогикалық және әлеуметтік-педагогикалық жобаларды, оның ішінде білім беру жүйесінен тыс өзара іс-қимыл және әріптестермен өзара іс-қимыл жасау негізінде әзірлеу және іске асыру;

- педагогикалық қызметті жоспарлау және іске асыру үшін кәсіби мониторинг (психологиялық, әлеуметтік, медициналық) деректерін пайдалану;

- білім берудің дәстүрлі және жаңа нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беретін бағалау қызметінің қазіргі заманғы тәсілдерін пайдалану;

- әр түрлі бағалау шкалалары мен рәсімдерін дұрыс қолдану, оқушылардың бағалау дербестігін қалыптастыру, қойылған мақсаттарға сай келетін педагогикалық мониторинг бағдарламасын әзірлеу және өзгерту;

-білім беру процесін қамтамасыз ету үшін заманауи ресурстарды пайдалану:

-оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың дидактикалық әдістері мен тәсілдерін қолдану, жергілікті қоғамдастық ресурстарын білім беру процесіне тарту тәсілдерін пайдалану;

-келесі технологияларды қолдану: базалық білімді, іскерлікті, дағдыларды берудің сыныптық-сабақ жүйесі; денсаулық сақтау технологиялары, жобалар әдісі, өндірістік оқыту технологиясы;

-жоба жетекшісінің, консультанттың, модератордың педагогикалық рөлдерін іске асыру;

- кәсіби рефлексияны жүзеге асыру.

Болашақ мұғалімдерде пәндік құзыреттілікті қалыптастыру үшін оқу-әдістемелік құралдардың маңызы зор.

Дидактикада оқыту құралдары деп адам жасаған объектілерді, сонымен қатар білім беру процесінде пайдаланылатын табиғи табиғат объектілерін, білім беру ақпаратының тасымалдаушылары және мұғалім мен студенттердің алға қойған білім беру мақсаттарына жету әрекетінің құралы ретінде түсінеді. Оқыту құралдары оқушының танымдық іс-әрекетін басқаруға да қызмет етеді.

П. И. Пидкасистый оқу құралдарын материалдық және идеалды деп жіктейді. Ғалым оқулықтар мен құралдарды, кестелерді, модельдерді, макеттерді, көрнекілік құралдарын, оқу-техникалық құралдарды, оқу-зертханалық жабдықтарды, үй-жайларды, жиһаздарды, оқу кабинетінің жабдықтарын, микроклиматты, сабақ кестесін, оқытудың басқа да материалдық-техникалық жағдайларын материалдық құралдарға жатқызады [4]. Оқытудың идеалды құралдары-бұл жаңа білімді игеру үшін оқыту мен оқытуды қолданатын бұрын үйренген білім мен дағдылар. Жалпы, идеалды құрал - бұл мәдени мұраны, жаңа мәдени құндылықтарды игеру құралы. Одан білім алушы пайымдау, дәлелдеу, есептеу, есте сақтау және түсіну тәсілдерін алады.

Оқыту әдістері мен құралдары оқу процесін ұйымдастыру нысандарында, оқу қызметінің негізгі түрлерінде ашылады.

Болашақ педагогтарды ЖОО-да даярлау кезінде оқу процесін ұйымдастырудың мынадай нысандары пайдаланылады: дәрістер, семинар және практикалық сабақтар, зертханалық практикум, бақылау жүйесі, студенттің зерттеу, өзіндік жұмысы, теориялық және практикалық дайындыққа, сондай-ақ білім алушылардың білімін, іскерлігін және

дағдыларын бақылауға бағытталған практиканың әртүрлі түрлері (оқу, өндірістік, кәсіптік және т.б.).

Білім алушылардың оқу қызметін сәтті басқару үшін оқытушының кәсіби біліктілігі маңызды. Ол процестің мәнін дұрыс және жан-жақты түсінуді анықтайды, оған осы процесті ұйымдастыру және қамтамасыз ету әдістерін игеруге, қалыптасқан жағдайларды дұрыс бағалауға, пайда болатын факторлардың әсерін ескеруге, оларды оңтайлы түрде таратуға, оқу жұмысының ұтымды принциптерін құруға, оқу мақсаттарына жетудің тиімді әдістері мен құралдарын анықтауға мүмкіндік береді. Кез-келген деңгейдегі педагогикалық қызмет диагностикадан басталады, яғни педагогикалық жүйенің қазіргі жағдайын, студенттердің мүмкіндіктері мен қолда бар ресурстарын, оның дамуының алдыңғы кезеңінің нәтижелерін зерттеу және талдаудан тұрады.

Болашақ педагогтардың пәндік құзыреттілігін қалыптастырудің келесі компоненті білім алушы болып табылады. Кез келген білім беру жүйесінде білім алатын адам білім алушы болып табылады. Әрбір білім алушының жеке тұлғалық және әрекеттік ерекшеліктері, яғни бейімділіктің, қабілеттіліктің, зияткерлік қызметтің, танымдық стильдің, талап қою деңгейінің, өзін-өзі бағалаудың, жұмыс қабілетінің ерекшеліктері; іс-әрекетті орындау ерекшеліктері бар. Әрбір оқытушы өзінің жеке іс-әрекет стилімен, атап айтқанда, оқу, оған деген көзқарас, оқумен сипатталады. Білім алушының жеке басы осы педагогикалық жүйенің өзіндік «объектісі-субъектісі» бола отырып, сонымен бірге оның мақсаты ретінде де әрекет етеді: мұғалім өзінің педагогикалық қызметінің мақсаттарын мемлекеттік білім беру стандартының талаптарында қамтылған әлеуметтік тапсырыс негізінде ғана емес, сонымен бірге осы тапсырысты оқушылардың жеке ерекшеліктеріне, мүмкіндіктеріне, қажеттіліктеріне сәйкестендіру арқылы жүзеге асырады. Олардың даму әлеуетін зерттеу және зияткерлік және жеке даму мен қалыптасу перспективаларын жобалау негізі арқылы жүзеге асырылады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан-2050 Стратегиясы // [https:// primeminister.kz/kz/gosprogrammy/strategiya-kazahstan-2050](https://primeminister.kz/kz/gosprogrammy/strategiya-kazahstan-2050)

2. Зеер Э. Ф. Профессиональное становление личности инженера-педагога. - Свердловск: Изд-во Уральского ун-та, 1988. - 120 с.

3. Хуторской А.В. Ключевые компетенции и образовательные стандарты // Интернет-журнал "Эйдос". - 2002

4. Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей / Под ред. П.И. Пидкасистого. – М.: Педагогическое общество России, 1998. – 640 с.

* 297319*

Reshetniak Iryna

Simon Kuznets Kharkiv National University of Economics

THE SELECTION OF KEY COMPETENCES FOR STUDENTS OF ECONOMICS

Abstract. The article considers the key competences that the future economists should possess in order to compete successfully in today's so volatile business environment, be able to work in cross-cultural contexts, be adaptable to changes brought about by the wide use of information technology in the contemporary economy and life as a whole.

Key words: key competences, communicative competence, information competence, cross-cultural competence, emotional competence.

Introduction. The further development of the information and communication society radically changes approaches to education in general and methods of training economists in particular. A modern economist should be able to work in a new socio-economic environment, interact effectively with business partners from different business cultures. S. Kuznets Kharkiv National University of Economics aims at "the formation of a competent specialist who has not only mastered a certain amount of knowledge, but is also able to use it effectively in his/her own professional activity. "Competence" of a specialist is understood as his/her ability to show a creative approach to solving production tasks and, ultimately, to create new knowledge that serves as the basis for making innovations." [2, p. 39].

Today, the concept of a student's competence, which is determined by many factors, is gaining relevance, since, according to many international experts, competences are the indicators that allow determining a graduate's readiness for life, their further personal development and ability to actively participate in society. From the point of view of education, which is oriented towards the modern labour market, one of the most important priorities today is the ability to operate technologies and

knowledge that will satisfy the needs of the information society and prepare young people for new roles in this society. That is why it is important nowadays not only to be able to operate with one's own knowledge, but also to be ready to change and adapt to the new needs of the labour market, to operate and manage information, to act actively, to make quick decisions, to learn throughout life. The progressive educational community today sets before itself a new task – to form the student's ability to learn.

Presentation of the main material. As the analysis of experience of the educational systems in many countries shows, one of the ways to update the content of education and educational technologies, align them with modern needs, and integrate them into the global educational space is to focus educational programmes on the competency-based approach and create effective mechanisms for its introduction.

According to modern teachers, the acquisition of vital competences can give a person the opportunity to navigate in modern society, the information space, the rapid development of the labor market, and further education. Competency-based approach to the formation of the content of education has become a new conceptual guideline for schools and universities abroad and generates many discussions both at the international and national levels of different countries.

The introduction of key competences into the content of education and the introduction of their indicators into the system of monitoring the quality of education in European countries is taking place gradually, accompanied by a wide discussion and a thorough scientific and didactic toolkit. Since the concept of key competences is quite multifaceted, its definition and interpretation are constantly the subject of discussions.

International experts in education consider the concept of competence as general or key skills, basic skills, fundamental learning paths, key qualifications, cross-curricular skills or abilities, key concepts, supporting knowledge.

In their opinion, competences include:

- the ability of the individual to perceive and respond to individual and social needs;
- a complex of attitudes, values, knowledge and skills.

Thus, a modern person who has graduated from high school or a higher education institution should not only master a wide range of knowledge and skills, but also have the ability to apply this knowledge and skills in new situations.

Experts define the concept of competence as the ability to successfully satisfy individual and social needs, to act and fulfill assigned tasks. Each competence is built on a combination of mutually relevant cognitive attitudes and practical skills, values, emotions, behavioral components, knowledge and skills, all that can be mobilized for active action.

According to experts, competence is manifested in the activity of an individual in various contexts (for example, in socio-economic and political environments). At the same time, not only the school or higher educational institution are responsible for the acquisition of the necessary competences by the individual; their formation is also influenced by family, work, mass media, religious and cultural organizations, etc.

Therefore, the concept of key competences is used to define those that enable an individual to effectively participate in many social spheres and that contribute to improving the quality of society and contribute to personal success, which can be applied to many spheres of life. Key competences constitute a basic set of the most general concepts, which should be detailed into a complex of knowledge, abilities, skills, values, and attitudes by academic fields and life spheres of students.

As international experts note, the context of their application plays a significant role in determining key competences. Regardless of countries and societies, citizens perform the same functions throughout their lives. Since the majority of adults are at the same time workers and students, parents and caregivers, participants in various types of leisure, political, cultural and other types of activities, the main function of society is to enable all citizens to become full members of these various communities; cross-cutting and universal nature of all categories of key competences, beneficial for all.

Having outlined the main approaches to defining the concept of key competences, foreign experts highlight their main feature: key competences should be favorable for

all members of society, that is, suitable for everyone regardless of gender, class, race, culture, marital status and language. In addition, the key competences must be consistent not only with the ethnic, economic and cultural values and conventions of the respective society, but also correspond to the priorities and goals of education and have a person-oriented character.

The structure of key competences for lifelong learning is also proposed, i.e., it actually defines the main guidelines for forming the necessary professional qualities of a university graduate and their further improvement throughout life. The proposed eight key competences can be conditionally divided into two main groups: the first group includes two competences of language communication in the native language and one of the foreign languages, as well as two essential competences – in mathematics and fundamentals of sciences (Mathematical) and digital competence or information and communication competence (ICC); the second group includes four competences that are more in line with the personal and social qualities of the graduate (preserving the ability to learn throughout life, social and civic competence, active life position, preservation of cultural traditions and tolerance for representatives of other ethnic groups). As you can see, in this recommendation structure, a special place is given to competence in the field of native language and at least one of the foreign languages, i.e. languages of international communication. Naturally, for representatives of these sciences and teachers of non-language universities, this fact is of particular importance. As well as the actualization of competence in the field of a foreign language (English) as the language of international communication. In some non-linguistic universities (S. Kuznets Kharkiv National University of Economics) for many years, in-depth English language study programmes have been practiced for students of many specialties (International Economics, International Management, International Business, International Relations, Tourism, Business Administration, Innovation Management, Logistics, Media-communications, Computer Sciences, etc). Students of these specialties are highly motivated to study a foreign language in depth, since the university has many student exchange programmes, summer student practice

programmes in Europe and the USA, and "double degree" programmes. Knowledge of a foreign language also gives them a competitive advantage in employment and obtaining interesting and fulfilling work.

The concept of modernization of Ukrainian education states that higher education should form an integral system of universal knowledge and skills: the ability to work with information and with the text, highlight the main idea, conduct a search for the necessary information in a foreign language text; analyze the material, make generalizations, conclusions, based on one's life educational experience, erudition and creativity; the ability to work with a variety of reference material; the ability to generate ideas, the ability to find not one, but many options for solving a problem, which are significant in their importance, informative, interesting for others, relevant; the ability to predict the consequences of a decision; the ability to conduct a discussion, listen and hear the interlocutor, advocate his/her point of view, supported by arguments; the ability to find a compromise with the interlocutor; the ability to concisely express their opinions by means of a foreign language, to express one's attitude to the subject of research, to the researched problems. These competences make up the information, research and language aspects of the project activity and contribute to the formation of key competences that determine the quality of modern education.

It has been proven that competences are formed in the process of learning not only at the university, but also under the influence of family, friends, work, politics, religion, and culture. In this regard, the implementation of the competency-based approach depends on the entire educational and cultural situation in which the student lives and develops. Practice shows that one of the educational technologies supporting a competency-based approach in education is the project method. Thanks to this method, students will gain foreign language communicative competence. [4] Foreign language communicative competence means the ability to establish and maintain the necessary contacts with other people, a certain set of knowledge, abilities and skills that ensure effective communication in a foreign language.

The acquisition of foreign language professionally-oriented competence will allow the future specialist to perform various types of work with original literature in the specialty, namely: understand the content, be able to obtain the necessary information, translate or abstract the necessary material; have the skills of dialogic speech, as well as possess coherent monologic speech at the level of both independently-prepared and unprepared speech, understand dialogic and monologic speech within the limits of the studied material; have basic two-way translation skills; use dictionaries and reference material when translating; know the basics of keeping business documentation in a foreign language, conduct business correspondence, negotiations, etc; be able to express thoughts concisely and precisely in both languages; be able to use the means of modern information technologies during communication and transmission of information.

Foreign language communicative competence includes three main components: 1) linguistic competence - grammatical, lexical and semantic; 2) socio-cultural competence and 3) cross-cultural competence.

Linguistic competence implies knowledge and the ability to use the grammatical resources of the language, the use of lexical tools on various topics and disciplines, the students' ability to understand and control the organization of the content of the text, answer and ask questions on the text, the ability to participate in the discussion of the main ideas of the text, and participate in general discussions on the topic, the ability to independently express their thoughts, defend their point of view, and make presentations on the studied topics, etc. A special mention should be made of the ability to perform in public. This competence is gaining more popularity in modern life. Modern specialists should master the skills of public speaking, since business presentation in the workplace has become the norm, and students have to be able to independently prepare and present any material in front of the audience, be able to give answers to possible questions.

Socio-cultural competence presupposes students familiarity with the national and cultural specificity of speech behavior and the ability to use elements of the socio-

cultural context relevant to the generation and perception of speech from the point of view of native speakers. These elements are customs, rules, norms, social conventions, rituals, social stereotypes, country knowledge, etc. For example, the formation of socio-cultural competence requires not only the knowledge of country studies as a complex of scientific disciplines, but also the so-called background knowledge, i.e., knowledge about the country and its culture known to all residents of a given country (as opposed to universal or regional knowledge). Features of the reflection of real reality in specific languages create language pictures of the world, the inconsistency of which is the main obstacle to achieving full mutual understanding of the participants of the discourse. A good command of background knowledge of foreign languages involves a foreigner in a foreign-speaking community, gives him/her "cultural literacy", and vice versa – the lack of cultural literacy makes him/her an outsider who cannot understand what native speakers are about in a spoken or written language communication. When considering socio-cultural competence, one should talk not just about background knowledge of country studies, but about cultural and country studies competence as a component of socio-cultural competence.

Cross-cultural competence refers to effective and responsible behavior in relationships between representatives of different cultures. Sometimes, this concept is equated with cross-cultural communicative competence, which refers to personal qualities. In particular, the ability to empathize and listen attentively, to perceive positively and show the desire to communicate with representatives of other cultures, to be accommodating in relationships, to feel the desire to learn new experiences characteristic of other cultures. [1]

Cross-cultural competence is interconnected with the concept of cross-cultural dialogue, the success of which depends directly on the level of competence of the parties involved. However, regardless of the effectiveness of the dialogue, competent cross-cultural communicators certainly get satisfaction from the process itself, because they acquire new knowledge from the experience of communication and the ability to understand the views of other people.

It should be noted that besides the above-mentioned competences there is also a very important competence that is gaining popularity today, namely – emotional competence. Emotional competence, like emotional intelligence and leadership, are concepts that are now actively used in the HR environment. But they should be distinguished, although they are interconnected.

Emotional intelligence is a set of human qualities that form an emotional response to external situations and contribute to the analysis of revealed emotions for decision-making.

There are four qualities that comprise emotional intelligence:

- self-awareness;
- awareness of relationships;
- self-control;
- empathy.

In turn, emotional competence is the ability to demonstrate all the above-described qualities in a team to evaluate one's work, self-development and healthy competition with colleagues.

This type of competence is a kind of reflection that can only manifest itself in society. This distinguishes competence from intelligence. Emotional leadership is a type of leadership that is developed on the basis of high emotional competence in the team, the ability to motivate oneself and others to achieve better results, taking into account the emotions, state and opinion of colleagues.

Conclusion. Therefore, the formation of a high level of competences of future economists will ensure their internal motivation as a source of self-development; their self-organization as a condition for mastering a holistic activity; their self-differentiation, which will allow each student to determine his or her own level of competence development in order to achieve personally meaningful results. A competency-based approach to professional training of future economists will contribute to the effectiveness of the educational process and high productivity of their future professional activities.

So, a modern specialist must master a greater number of various competences in order to be competitive in the new conditions of modern life and a competitive environment on the labour market.

References

1. The Definition and Selection of Key Competencies [electronic resource]. – Access mode: <https://www.deseco.ch/bfs/deseco/en/index/02.parsys.43469.downloadList.2296.DownloadFile.tmp/2005.dskcexecutivesummary.en.pdf>
2. Пономаренко В.С. Крок у майбутнє: 2011-2015 роки: монографія / авт. колектив: В.С. Пономаренко (заг. ред.), М.В. Афанасьєв, В.Є. Єрмаченко та ін. ; авт. -укл. Д.Ю. Михайличенко. — Х.: Золоті сторінки, 2015. — 220 с.
3. Євтух М. Б. Індивідуальний підхід у формуванні професійної компетентності майбутніх економістів: монографія / Микола Борисович Євтух, Людмила Миколаївна Дибкова. – Х.: Харк. нац. ун-т ім. В. Н. Каразіна, 2007. – 144 с.
4. Клочко В.І. Формування професійно спрямованої іншомовної компетентності фахівців технічних та економічних спеціальностей засобами сучасних інформаційних технологій: Монографія / В.І. Клочко, М.Г. Прадівляний. – Вінниця: ВНТУ, 2009. – 186 с.

* 297363 *

Набиева Булбул Туракановна*"Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейі" КММ**Бастауыш сынып мұғалімі**Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы***МӘТІНДЕРГЕ ТАЛДАУ ЖАСАУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫЛЫМ DAҒДЫСЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ**

«Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» білім беру мазмұнына қойылатын талаптарда көрсетілгендей, бастауыш білім беру мақсаты оқушылар бойында кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады. Сол дағдының ең бастысы - білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу. Ал бұл дағдыны қалыптастыру үшін бастауыш мектепте барлық пәндерді оқуда ақпаратпен жұмыс жасаудың алғашқы дағдыларын қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Оқытудың бастапқы кезеңінде кез-келген баланың талдау, синтез, салыстыру, жалпылау, жүйелеу, қорытындылау, жіктеу, қабылдау сияқты логикалық әдістерді қолдана отырып ойлау қабілетін жетілдіру. Нақты білім, білік, дағдылардан бастап оқу объектілері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту және қалыптастыру процесі ойлау қабілеттерін дамыту негізінде жүзеге асырылады.

«Мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеу» (PIRLS) қорытындысы бойынша оқушылардың барлық пәндер бойынша пәндік білім дағдысы мықты көрсеткіштер көрсетіп, бірақ оны нақты өзекті жағдайларда қалай қолдану керектігін ескермейтіндігі байқалды. Бастауыш сынып аяқтаған түлектер көп жағдайда алған білімдері мен дағдыларын күнделікті өмірде өз бетінше қолдануға бейім емес. Сондықтан, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту - функционалдық сауаттылықтың бастауы болатыны

бәрімізге мәлім. Баланың әлеуметтік ортаға тез сіңісіп, өзін жариялай алуы үшін осындай жағдаяттардан жол тауып шығуға мектеп қабырғасынан бастап әр түрлі тапсырмалар арқылы үйретуіміз қажет. Әрине, алыстан іздеудің қисыны жоқ, қазіргі жаңартылған білім бағдарламасындағы оқу мақсаттарының бәрі оқушыны танып білуден, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейіне қарай жұмыстануға бағытталған.

Бұл мақсаттар оқушылардың оқу сауаттылығын біртіндеп күрделендіру арқылы дамытуға бағытталғаны көрініп тұр. Енді осы мақсаттарға жетуде қандай тиімді әдіс-тәсілдер арқылы қандай тапсырмаларды қолданғаныммен бөлісейін. Бұл оқу мақсаттадағы ең негізгі тұс-қажетті ақпаратты тауып оқу. Оқи отырып, шығармадағы қажетті ақпаратты ажырата алу білігін дамытуда суретті сызба, кесте, сұрақтар тапсырмалар арқылы орындату тиімді. Екінші сыныпта оқушылардың көпшілігінің іштей оқу дағдысы деңгейі көпшілігінде төмен болады, тек дауыстап оқығанда ғана мәтін мазмұнын түсінеді. Сондықтан, іштей оқи отырып, қажетті ақпаратты дұрыс белгілей алуы үшін оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып суретті кестелер бердім. Бұл мақсаттар оқушылардың оқу сауаттылығын біртіндеп күрделендіру арқылы дамытуға бағытталғаны көрініп тұр.

Енді осы мақсаттарға жетуде қандай тиімді әдіс-тәсілдер арқылы қандай тапсырмаларды қолданғаныммен бөлісейін. Бұл оқу мақсаттадағы ең негізгі тұс-қажетті ақпаратты тауып оқу. Оқи отырып, шығармадағы қажетті ақпаратты ажырата алу білігін дамытуда суретті сызба, кесте, сұрақтар тапсырмалар арқылы орындату тиімді. Екінші сыныпта оқушылардың көпшілігінің іштей оқу дағдысы деңгейі көпшілігінде төмен болады, тек дауыстап оқығанда ғана мәтін мазмұнын түсінеді. Сондықтан, іштей оқи отырып, қажетті ақпаратты дұрыс белгілей алуы үшін оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып суретті кестелер бердім.

Оқу сауаттылығы дегеніміз оқушының жазбаша мәтіндерді түсіну қабілетін және олардың рефлексиясын, мазмұнын өз мақсаттарына жету, білімі

мен мүмкіндіктерін дамыту, қоғамға белсенді қатысу үшін пайдалану қабілетін білдіру. Бастауыш сыныптан бастап, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға берілетін тапсырмаларда талдау барысында анықталған дағдылар мен біліктер қамтылу керектігіне көз жеткіздім. Өзім қолданған әдістер мен тапсырмалар үлгісін ұсынамын.

Оқушылардың оқу сауаттылығына арналған тапсырма үлгісі. Берілетін мәтінде ақпаратты іздеуге, қорытынды жасау дағдысын қалыптастыруға, ақпаратты түсіндіру және жалпылауға, мәтіннің мазмұнын, тілін және элементтерін талдау және бағалауға арналған сұрақтар ұсынылады.

Оқушыларға суреттер ұсынылады. “Графикалық органиайзер” қолдану арқылы сауат ашу пәнінде оқушылардың мәтінді түсініп, сұрақтарға нақты жауап беру дағдылары дамитындығын байқадым. Мұндай органиайзерлер түрлерін сабақтарда мұғалім шеберлігіне қарай түрлендіріп оқу сабақтарында қолдана беруге болады. Сынып жоғарылаған сайын күрделендіру оқушылардың оқу сауаттылығын арттыратыны сөзсіз.

Мәтінді оқу: дауыстап оқу-оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады, тағы да бір тиімділігі оқушылар бірінің қатесін бірі естіп түзетіп отырады. Көбінесе іштей оқу - бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау.

Мазмұнына қарау: мәтінде қарастырылған бөлімнің негізгі идеясы қандай, нені білгенін айтады. Олар мәтіндегі негізгі тірек сөзден бастайды. Тәжірибе барысында «Мені түсін» оқыта үйрету ойыны пайдалы болды. 10 шақты тірек сөзді айтады. Одан кейін мұғалім өзі дайындаған түйінді сөздерімен салыстырады. Кімнің осы түпнұсқамен сәйкес келетін сөздері көп болса, сол жеңеді.

Миға шабуыл: оқушылардың қиын бөлімді түсінулері үшін, мәтінді оқудың алдында миға шабуыл жасап алған тиімді. Сұрақ: «Бұл бөлім не туралы

деп ойлайсыңдар?» Осылайша оқушылар бір – бірімен сөздік қорларымен және білетін мәліметтермен ой алмасады.

Сұрақ қою: өз көзқарастарымен сұрақ құрастырып, оған ойланып жауап нұсқаларын ұсынады. Жауаптарын тексеру үшін қайтадан миға шабуыл жүргізуге болады. Сұрақтарды Блум таксономиясына салу.

Оқығанды айту: бөлімді сынып алдында дауыстап оқу, тоқтап мазмұнын және мәтіннің мәнін талдау.

Тәжірибем барысында мәтінді түрлі әдіспен меңгерту нәтижелі болды. Мәтін бойынша тапсырмаларды пайдаланудың бірнеше тиімді жолын айқындап, тіл үйрету сабақтарында мәтінді, мәтін бойынша тапсырма түрлерін ұтымды пайдаланып, тиісті нәтижеге қол жеткізуге болатынына көз жеткіздім. Қазіргі заман талабы бойынша әр оқушы сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймайды, соны өзі игеріп, талдап, пікір алмасу деңгейіне жетіп, даму үстінде болуын қалайды.

Сабақта бірімен мәтінді тек оқытып қана қоймай, сол мәтіннің тәрбиелік мәніне байланысты мақал-мәтелдер, өлеңдер, қанатты сөздер алып, қосымша дәптермен жұмыс жүргіземін. Одан басқа, оқушылардың назарын сол мәтіннің авторына аударады.

Мысалы: бүгінгі сендердің қызығып тыңдаған әңгімелерді кім жазған екен? Ол жазушыны естеріңе сақтадыңдар ма? Автордың қандай туындыларын білесіңдер? Кітабын тағы оқығыларың келеді ме?-деген сұрақтар қойылады. Автор туралы буклет, реферат, хронологиялық таблица, сөзжұмбақ жасаймыз. Егер ол автор ақын немесе композитор болса, ол кісінің өлеңдері мен әндерін жаттаймыз, күй табақтар, қара сөздер, поэмалар, термелер бар аудиокассеталар тыңдаймыз, берілген оқиғаға байланысты оқушылар өз ойларын суреттер арқылы да жеткізеді.

Әр мәтінге байланысты портреттер, суреттер, дидактикалық материалдар қолданамын. Оқушыны қызықтыратын мәтіндер таңдау,

оқушының қызығушылығын есепке алу, оны ұйымдастыруда мұғалімнің рөлі ерекше. Мұғалім сабақта әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана білу керек. Ол негізгі әдістер: әңгімелесу, көрнекілік, техникалық құралдар қолдану, жұмысты қазақша сөйлесу түрінде жүргізу, қазақша білімін конкурстарда, конференцияларды, олимпиадаларда көрсетуге жағдай жасау керек. Осындай жұмыс түрлерін жүргізу кезінде оқушылардың ой-өрісін дамытуға, терең білім алуларына мүмкіндік туады.

Мәтінмен жұмыс жасау кезінде сын тұрғысынан ойлау әдістерін қолдануға болады. Мәтінмен жұмыс арқылы ойды қозғату, ояту арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін “Топтау”, “Түртіп алу”, “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, “Болжау”, “Әлемді шарлау” т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінде оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Қортындылай келе мәтінмен сауатты жұмыс барысында оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Қорыта келгенде, тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Осыған орай мектептегі оқу үдерісінде оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, дамыту болашақта білімді өз бетінше жинап алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады және пәндерді оқыту барысында көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда

оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыруда сабақта әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолданудың тиімділігіне көз жеткізуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Үкіметінің 2015 жылғы «25» сәуірдегі № 327 қаулысына қосымша, 16 - бет. 2. «Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2022, 8 – бет.

3. “Графические органайзеры <https://masam.by/graficheskie-organajjzery/> 4. “Чтение с увлечением” “Планета” баспасы

* 297370*

Баймагамбетова Б.К.

*КГУ «Специальная школа-интернат № 1» управления образования
Карагандинской области, Республика Казахстан*

Элементы игры на уроках истории в обучении детей с нарушениями зрения

Игра - путь детей к познанию мира, в котором они живут и который призваны изменить.

(М. Горький)

Хорошее зрение ребенка играет далеко не последнюю роль в его обучении и в жизненной деятельности. Благодаря статистике можно чётко установить, что у каждого двадцатого школьника возникают проблемы со зрением. И в данном случае адаптация детей с нарушением зрения проходит в школе достаточно сложно.

На сегодняшний день в системе коррекционно-педагогического воздействия для детей с особыми образовательными потребностями остро встает одна из важнейших задач современного образования – задача формирования у обучающихся готовности эффективно организовывать свои внутренние и внешние ресурсы для принятия решений и достижения поставленной цели на уроках истории. В условиях КГУ «Специальная школа-интернат № 1» мною используются различные формы и методы подачи учебного материала, инновационные технологии, которые способствуют формированию ключевых компетентностей у детей с нарушениями зрения:

- готовности к разрешению проблем;
- готовности к самообразованию;
- готовности к использованию информационных ресурсов;
- готовности к социальному взаимодействию;
- коммуникативной компетентности.

Педагогам нужно знать о том, что зрительная патология не влияет на познавательные способности ребенка. Усложняется лишь восприятие окружающего мира. Восприятие у слабовидящих детей замедленное, фрагментарное, снижена наблюдательность. Поэтому необходимо чтобы пособия находились в поле зрения детей более длительное время. Если у ребенка нистагм, то увеличивается время на рассматривание объекта. При катаракте педагог работает только вблизи источника света. Если у ребенка близорукость, то у него трудно изменяется рефракция, поэтому работаем только вблизи пособия, при дальнозоркости работаем на доске. Рабочая плоскость для детей со сходящимся косоглазием должна быть вертикальная – обязательно применение подставок. Для детей с расходящимся косоглазием – горизонтальная рабочая плоскость.

Большое значение в организации уроков истории имеют наглядные пособия. При работе со слабовидящими детьми они должны быть более крупные, яркие, передающие признаки реальных предметов.

